

Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 296 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.02.28 № 264 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 26-бабы 8-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысынан техникалық және кәсіптік , орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасы белгіленсін:

1) I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін - 0,5 пайыз;

2) соғыс ардагерлеріне және соғыс мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалар үшін - 0,5 пайыз;

3) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін - 30 пайыз;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін - 2 пайыз;

5) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін - 1 пайыз.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1)«"Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 39, 404-құжат);

2)«"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004

жылғы 6 желтоқсандағы N 1276 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы , 2004 ж., N 48, 612-құжат).

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК